«НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА НУР-СУЛТАН»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

16.03.2020 № 139

**Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, жетім-балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында шараларды күшейту туралы**

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – коронавирустық инфекция) таралуын алдын алу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 наурыздағы № 108 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшылары:

1) білім беру, оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыратын білім беру ұйымдары, оның ішінде интернаттарда, жатақханаларда санитариялық-эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейту бойынша шаралар қабылдасын;

2) ағымдағы жылғы 13 наурыздан бастап бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салсын (мерекелік, концерттік, мәдени, спорттық іс-шаралар, конференциялар, семинарлар, көрмелер және т. б.);

3) білім алушылардың халықаралық спорттық, мәдени, туристік іс-шараларға шығуына тыйым салсын;

4) онлайн режимге ауыстырылып, жиналыстарды өткізу барынша азайтылсын;

5) осы бұйрықтың 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін штаттық режимде жүзеге асырсын, ата-аналар мен заңды өкілдердің тілегі бойынша еркін бару

0002746

режимін қамтамасыз етсін, балалар болмаған жағдайда мектепке дейінгі ұйымда баланың орнының сақталуын қамтамасыз етсін;

6) қосымша білім беру ұйымдарының, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің қызметі 2020 жылғы 5 сәуірге дейін тоқтатылсын;

7) осы бұйрықтың 1-тармағы 1, 2, 3 тармақшаларын ескере отырып, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметін штаттық режимде жүргізсін, бөгде тұлғалардың келуіне шектеу қойылсын.

2. Ағымдағы жылғы 16 наурыздан бастап техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыруға мүмкіндік беретін қашықтан білім беру технологиялары мен басқа да әдістерді қолдана отырып, оқыту қамтамасыз етілсін.

3. Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуын алдын алу мақсатында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынсын.

4. Орта білім беру ұйымдарында көктемгі демалысты – 21 күн (2020 жылғы 16 наурыздан бастап 5 сәуірді қоса алғанда) анықталсын.

5. Көктемгі демалыс уақытында педагогтерге шеттетілген режимде (білім беру ұйымынан тыс) жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етсін.

6. Ағымдағы жылғы 16 наурыздан бастап жалпы білім беретін, басқа да ұйымдарға қарасты кешкі мектептерде қашықтан білім беру технологияларын қолданып, оқытуды қамтамасыз етсін.

7. Жұмыс берушілер – білім беру ұйымдарының басшылары жұмыс берушінің тиісті актісін қабылдаумен мыналарды анықтау мүмкіндігін:

1) тікелей ұйымдағы білім беру ұйымдарының тынысы мен қызметін қамтамасыз ететін қызметкерлерді (әкімшілік, техникалық қызметкер);

2) шеттетілген режимде қашықтық технологияларының негізінде білім беру, оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету бойынша еңбек қызметін іске асыратын қызметкерлерді;

3) кестеге сәйкес кезекті еңбек демалысына баратын қызметкерлерді қарастырсын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы** **Ш. Қадырова**